

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
Л.Н.ГУМИЛЕВА**

L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Журналистика және саясаттану факультеті

Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы

**«ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: КЕШЕ, БҮГІН,
ЕРТЕҢ»**

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

2018 жылғы 14 желтоқсан

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции

**«КАЗАХСКАЯ СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА: ВЧЕРА,
СЕГОДНЯ, ЗАВТРА»**

14 декабря 2018 года

MATERIALS

of International scientific and practical conference

**KAZAKH SPORT JOURNALISM: YESTERDAY, TODAY AND
TOMORROW**

Астана 2019

ӘОЖ 070 (063)
КБЖ 76.01
Қ 17

Жауапты редактор: PhD доцент И.С.Рыстина

**Құрастырушылар: Аға оқытушы Д.Дүйсебай, , оқытушы
А.Қалдыбекова, оқытушы Ш.Шәкенова**

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2018 жылғы 14 желтоқсан /құраст.: Д.Дүйсебай, А.Қалдыбекова, Ш.Шәкенова – Астана: Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019. - 187 б.

Жинаққа «Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары - Қазақ спорт журналистикасының даму кезеңдері, интернеттегі спорт тақырыбы, спорттағы PR, қоғаммен байланыстың өзекті мәселелері туралы мақалалар енгізілді. Ғылыми жинақта жарық көрген материалдар БАҚ қызметкерлері мен ғалым-зерттеушілерге, PR-мамандарына, журналистерге, оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 070 (063)
КБЖ 76.01

© Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019

ISBN978-601-337-114-6

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

Мазмұны

ДҮЙСЕБАЙ Дүрәлі ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ТҮБІ ӘРІДЕ ЖАТЫР	4
РЫСБЕК Қыдырбек ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ СӨЗ САПТАУЫ ЖӘНЕ ІЗДЕНІСІ ТУРАЛЫ.....	9
АХМЕТОВ Марат СПОРТ САЛАСЫН НАСИХАТТАУҒА МЕМЛЕКЕТТІК КӨЗҚАРАС.....	12
САСАЕВ Нұрғазы ИНТЕРНЕТТЕГІ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	14
ҚАЙРАТҰЛЫ Б. ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ТАРИХИ-РУХАНИ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ	16
ТАЙЖАН Бақтияр СПОРТТАҒЫ КӘСІПҚОЙЛЫҚ ЖУРНАЛИСТКЕ ДЕ КЕРЕК	27
ПЯТИБРАТОВ Анатолий В РАНГЕ МЕЖДУНАРОДНОГО СТАТУСА.....	30
ЫСҚАҚ Динара ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ PR.....	34
ҚАЛДЫБЕКОВА Айдана Жарқынбекқызы СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ	39
ЗУРАШЕВ Мереке «SPORT» («ҚАЗАҚ СПОРТЫ») ГАЗЕТІНДЕГІ ЖАНРЛЫҚ БОЛМЫС	44
СҰЛТАНБЕК Назерке ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ" ЖОБАСЫНЫҢ СПОРТ ТАҚЫРЫБЫН НАСИХАТТАУҒА ЖӘНЕ ЕЛ ИМИДЖІН ШЕТЕЛДЕ ТАНЫТУҒА ЫҚПАЛЫ	49
ИМАНҒАЛИЕВ Бауыржан Сәбитұлы, ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратқызы АДАМНЫҢ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘСЕРІ	53
МҰРАТ Айгерим СПОРТИВНЫЙ ИМИДЖ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ	56
СЫБАНБАЙ Сәкен ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ ӨНЕГЕСІ.....	59

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

СЫБАНБАЙ Сәкен МИКРОФОН АЛДЫНДАҒЫ ОЙЫНШЫ.....	65
ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратовна СПОРТТЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ.....	67
БОЛАТОВА Гүлжауһар Жамбылқызы, АМАНЖОЛОВ Бекарыстан Нұрланұлы ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЭТОНОСАЯСАТ ЖӘНЕ БАҚ ТАРИХЫ, ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ.....	70
ТҰРЖАН Оңайгүл, ЕГЕМБЕРДИЕВ Исках ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ АҚПАРАТТЫҢ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫ МАРКЕТИНГТІҢ ТУРИЗМДІ ДАМУЫҒА ЫҚПАЛЫ.....	75
ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, ТОКЕНОВА Диана ПСИХОЛОГИЯ БРЕНДИНГА И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ПОТРЕБИТЕЛЯ.....	82
МУХАМБЕТОВА В. К. ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ ДОКУМЕНТАЛЬНОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ.....	86
ШӘКЕНОВА Шынар ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЛЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ КРИЗИСТІК КОММУНИКАЦИЯСЫ.....	89
ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырақ, АЛГАЛИЕВА Гүлназым Сакенқызы ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ.....	92
КУДАЙБЕРГЕНОВА А.С. ТИПОЛОГИЯ АНАЛИЗ PR-ТЕКСТОВ В КАЗАХСТАНСКИХ ОНЛАЙН-СМИ: НАТИВНАЯ РЕКЛАМА.....	97
ДИДИГОВА Мадина Магомедовна ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОЙ ЗАЩИТЫ ЖУРНАЛИСТОВ И ЗАЩИТА ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ (СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....	102
АЛЬКЕЕВА А.К РОЛЬ ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОДВИЖЕНИИ НЕКОММЕРЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ.....	104
ДАНИЛОВ Александр Сергеевич ПРОЦЕСС ПЕРЕФОРМАТИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ КОММУНИКАЦИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	108
АЯГАНОВА Асель Агыбаевна РАЗВИТИЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ В КАЗАХСТАНЕ ПОСРЕДСТВОМ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ.....	112
ИМАНГАЛИЕВА Маржан Әбдірәсілқызы КОМПАНИЯДАҒЫ ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТІН ЖЕТІЛДІРУ АСПЕКТІЛЕРІ.....	116

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

МОЛДАБАЕВ Хасен Советханұлы МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕДЕГІ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	121
ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырак БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ	129
ҚАЖДАР Іңкәр Асқарқызы ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК МЕДИА-КОНТЕНТТЕРДІ САЛЫСТЫРУ	132
АЙТҚАЗЫ ҚЫЗЫ-ТУРЛЫХАНОВА М. БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ PR-ДЫҢ ОРНЫ	137
ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖАҢА МЕДИАЛАР	142
БАБАЖАНОВА Дина Маратовна «МЯГКАЯ СИЛА» КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ СТРАНОВОГО ИМИДЖА КАЗАХСТАНА.....	145
КЕНЖЕБАЕВА Назым Қайратқызы АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ МЕДИА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ.....	149
ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, МЕДЕТТЕГИ Асель PR В НЕФТЕГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ.....	154
ШАКАРМАН Дана Қазбекқызы ҚОҒАМДЫ ЦИФРЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ.....	158
АҚЫНОВА Аружан Алибиқызы НЕЙРОМАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУЫ	162
МҰРАТ Самал КОМПАНИЯ СТРАТЕГИЯСЫН ТАҢДАУ ЖОЛДАРЫ	167
НУРТУГАН Сәтжол ҰЙЫМДАРДЫҢ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ	169
ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы «СӨЗ ҚҰРАҒАН» ҚАЗАҚТЫҢ МАТЕМАТИГІ	172
МЕКЕБАЕВА Мадина Булатовна КАК DIGITAL-МАРКЕТИНГ И PR ВЛИЯЮТ НА РАЗВИТИЕ FASHION-БИЗНЕСА?	176
КАЙКЕНОВА Мархаба PR КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ	180
АДАЙХАНОВА Ұлмекен МАНИПУЛЯЦИЯҒА ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ ҰШЫРАЙСЫЗ?.....	182

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

отырып, қоршаған орта мен өзін қайта тану арқылы өзінің әлемдегі, қоғамдағы орны мен қоғам үшін пайдалы бір бөлшегі екенін түсінеді. [6]

Демек, ақпараттық коммуникация үстемдік ететін ортада азаматтық қоғамға тән сипаттардың туатыны түсінікті болады.

Шынайы ақпаратпен қамтамасыз етілген ақпараттық қоғамды азаматтық қоғам деп айтуға болады. Азаматтық қоғам құбылысы «саяси үкіметке тәуелсіз жұмыс істейтін және оған ықпал жасауға қабілетті әлеуметтік қатынастар мен институттар жиынтығы; дербес жеке адамдар мен әлеуметтік субъектілер қоғамдастығы. Қандай да болмасын қоғамдық мәні бар идеяларды қабылдау қашанда сұхбатты, яғни сұхбаттасушы жақтардың түрлі көзқарастарын және маңызды тепе-теңдігін білдіреді» [3,168-169]

Еліміздегі білім жүйесінің кемшін тұстары көп. Жауапты орган осы кемшіліктерді жоюға ден қойып отырғаны да өтірік емес. Бірақ қалың бұқара атқарылып жатқан қыруар жұмыстан хабарсыз. Коммуникацияның маңызын жетік түсінетін дәуірде осы байланыс орнатудың тетіктерін қолданбау үлкен қателік. Осы ретте халық пен өзара байланыс орната алмауы, қажетті деңгейде түсіндірме жұмыстарының жүргізілмеуі – білім реформасын жоспардағыдай жұмыс жасауына кедергі болуда. Халықты бүгін серіктес деп қарастыру абзал. Заман өзгеруде, халық – азаматтық қоғам. Ал азаматтық қоғам деген алып күш иесі. Күн санап өз мүмкіндігі мен әлеуетін жақсы түсіне бермек.

1. <http://cyberleninka.ru/article/n/potentsial-i-perspektivy-deyatelnosti-svyaz-s-obschestvennostyu-v-rossiyskom-obrazovanii>
2. <http://elibrary.ru/item.asp?id=27389909>, edselr.27389909
3. Горохова В.М., Гринберг Т.Э. Связи с общественностью, Москва 2011
4. Чумиков А.Н. Связи с общественностью. Москва 2001
5. Ракитов А.И. Философия компьютерной революции.- Москва 1991
6. <http://elibrary.ru/item.asp?id=20152430>, edselr.20152

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖАҢА МЕДИАЛАР

ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Журналистика және саясаттану факультеті,
«Журналистика» мамандығының 1-курс магистранты*

Мақалада бүгінгі ақпараттық қоғамдағы Интернеттің орны, жаңа медиа мен Интернет журналистиканың қалыптасуы және маңызы қаралады.

Интернеттің қарқынды дамуы тек журналистика саласына ғана емес, тұтас әлеуметтік өмірімізге де әсерін тигізуде.

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

Түйін сөздер: жаңа медиа, Интернет журналистика, жаңа технология, интеграция, сандық код, интерактивтілік, веб-сайттар.

Ақпарат ағыны жарық жылдамдығынан да тез таралатын бүгінгі заманның бізге қоятын басты талабы – мобильді болу. Егер сіз жаңа ақпаратпен қаныққан болсаңыз, келесі күні оның еш маңызы болмай қалуы бек мүмкін. Себебі, оны әлемдегі барлық жан оқып үлгерді, танып білді. Ендігі кезекте, ол дүниемен ешкімді де қызықтыра алмайсыз.

Коммуникация жазудың пайда болуы негізінде қалыптасты десек, осы жолдағы еш баламасыз, таңғажайып құбылыс – Интернет. Тек ХХ ғасырдың ғана емес, адамзат тарихындағы басты жемістің бірі екені даусыз. Интернеттің өмірімізге сіңіп кеткені соншалық, тіпті онсыз күнімізді елестете алмайтын деңгейге жеттік. Көзімізді тырнап ашқаннан әлеуметтік желіні бір ақтарып шығып, күллі әлемге қайырлы түн тілеп қана көз ілетініміз жасырын емес. Әлбетте, адам баласы заман талабына сай болуға, жаңа технологияларды қауқары жеткенше меңгеруге талпынып келеді. Қазақ қоғамында «ғаламтор» деген атауға ие болған Интернет дәстүрлі журналистиканы ығыстырады деген ой бір кездері ешкімнің де ойына кіріп-шықпады. Есесіне, бұл БАҚ-тың ықпалын арттырып, «жаңа медиа» атты құбылыстың орын алуына жол ашты.

Жаңа медиа дегенде алдымен ойға не оралады? Әрине, жаңа технологиялар. Демек, бұл – ақпараттың жаңа коммуникациялық құралдар мен Интернеттің интерактивті қызметтері арқылы таралуы. Жаңа медианы үш түрлі ұғыммен түсіндіруге болады: сандық код, интерактивтілік және интеграция. Яғни, дәстүрлі журналистика – телевизия, радио, баспасөз болашақта бір ғана контенттің түрлі берілу тәсілі ғана болып қалуы да ғажап емес.

Аталған интерактивтіліктің негізінде өнімді өндіруші мен қолданушы арасындағы шекара да, ақпарат кеңістігінің шекарасы да жойылады. Басқаша айтқанда, әрбір қолданушы қажетті ақпаратты қалауы бойынша таңдай алады, тіпті өзгертуге де мүмкіндігі бар.

Бүгінде қазақ қоғамы Интернеттің де тұрақты қолданушысы. Сондай-ақ, елімізде ақпараттық технологияларды меңгеру мен интернеттендіру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Жоспар бойынша, 2020 жылға дейін компьютерлік сауаттылық деңгейі 80%-ға көтеріліп, Интернет желісін қолданушылардың саны 75%-ды құрауы керек. Ал БАҚ 100% электронды түрге ауысуы қажет деген меже қойылған [1]. Сол себепті, интернет журналистика әлі де шарықтау шегіне жеткен жоқ.

Бүгінгі таңда қарқынды дамып келе жатқан жаңа медиа түрі – интернет журналистика. Елімізде жеке сайт ашып, блог жүргізетіндер саны күн сайын артуда. Олар өздерінің тың идеяларымен, қызықты контентімен оқырман жинаудың тәсілдерін де меңгерген. Олай дейтініміз, көпшілікке танымал, оқырмандар саны көп блогшының жариялаған бір жазбасы елді елең еткізеді. Интернет журналистиканың басты ерекшелігі де, артықшылығы да осында: жылдам, қысқа әрі түсінікті. Осы тұста мерзімді

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

басылымдардың рөлі бәсеңдеп, тіпті маңыздылығын жоғалтатындай көрінеді. Бүгінгі таңда баршамызды алаңдататыны да осы.

Бүгінде БАҚ өкілдерінің барлығы интернет нұсқасының, яғни веб-парақшасының болуына үлкен мән беріп отыр. Барлық отандық телеарналардың, радиостанциялардың, газет-журналдардың да веб-сайты бар. Оның тиімді тұстары шаш етекпен. Бір мезетте бірнеше нұсқада мәтін, графика, дыбыс негізіндегі материалдар өте тиімді болып келеді. Мұның өзі кейінгі кездері қолданысқа еніп жүрген «трансмедиаға» жол ашуда. Интернеттің арқасында қазақтілді контенттің пайда болып, дамып келе жатқандығы, көпшілікке кең таралып, қолжетімді болуы, қолданушылармен тікелей байланыс жасауға мүмкіндік беріп отырғаны – жаңа медианың ең ұтымды тұсы деп атап өткен жөн. Сайттарды ашып қарайтын болсақ, интерфейстің тартымдылығы, іздеу жүйесінің ыңғайлылығы, оқырмандардың өз ойын білдіріп, пікір алмасуы, онлайн тілдесу секілді мүмкіндіктердің пайда болғаны да адамдардың қоғамдық өмірге араласуына жол ашты.

Сонымен қатар, «Abai.kz», «Massaget.kz», «baq.kz» секілді сайттардың қарқынды жұмысы көңіл қуантады. Мәселен, «kitap.kz» сайтында құнды туындылардың көпшілігін өзіңізге ыңғайлы нұсқада пайдалануға болады. Онлайн түрде толық еңбекті оқып шығуға немесе аудионұсқасын тыңдауға мүмкіндік бар. Бұл бүгінгі уақыт тапшылығының зардабын шегіп жүрген заманауи адамдар үшін таптырмас құрал екені даусыз.

Дегенмен, бұл салада да сыни пікірлер жоқ емес. Мамандар еліміздің интернет журналистикасы әлі де жаңа медиа стандарттарына сәйкес емес дейді. Шетелдік «New York Times», «Washington Post» секілді басылымдардың онлайн нұсқаларына қызыға қарайды. Алайда, әдеттегідей еліктейміз деп, сапасыз мәтін, тексерілмеген ақпарат пен сауатсыздыққа аяқ басып кетпегеніміз жөн.

Америкалық әлеуметтанушы Элвин Тоффлер өзінің 1980 жылы жарық көрген «Үшінші толқын» («Третья волна») атты еңбегінде «Жаңа экономиканың негізгі шикізаты – ақпарат» деп жазған. Оның айтуынша, 2025 жылға қарай толықтай постиндустриалды немесе ақпараттық қоғам орнайды [2].

Заман талабына сай жаңа медианы біз де қабылдадық, батыл қадамдар жасап, әлемдік үрдіске біз де ілесуге тырмысып жатырмыз. Бастысы, ұлттық болмысымызға лайықтап, жан-жақты сараланған, сапалы өнім дайындауымыз қажет. Қандай реформа жүргізілсе де, журналистиканың көпшілік алдындағы міндеті мен мақсаты еш өзгермейді.

Әдебиеттер:

1. www.adilet.zan.kz

2. Тоффлер Э. Третья волна //М.: ООО "Фирма "Издательство АСТ", 2004,

«МЯГКАЯ СИЛА» КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ СТРАНОВОГО ИМИДЖА КАЗАХСТАНА

БАБАЖАНОВА Дина Маратовна

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Специальность: «Связь с общественностью, магистранты

Аннотация: На сегодняшний день становится, очевидно, глобальная трансформация международного политического процесса к интенсификации межгосударственных отношений в контексте применения «мягкой силы». Однако можно наблюдать различные индивидуальные для каждой страны процессы формирования институтов, обеспечивающих государственную политику в области реализации данного направления.

В данной статье автор выделяет различные приемы применения «мягкой силы» Казахстана, как основного фактора в формировании политической ситуации в современном мире. Также анализ и оценка преимуществ и недостатков проводимой Республикой Казахстан политики «мягкой силы» как формирование странового брендинга и работу над положительным имиджем показывают возрастающую роль гибких факторов и усиления влияния «мягких» инструментов воздействия находясь в системе международных отношений.

Ключевые слова: «мягкая сила», имидж Казахстана, внешняя политика, публичная дипломатия.

В настоящее время на пороге глобализации, информатизации и массовых коммуникаций происходит трансформация международной политики, перемещение центров силы, за которыми следует изменение институциональных основ взаимодействия между правительствами и гражданским сообществом разных стран. Изменения происходят посредством влияния технологического развития и формирования глобального информационного общества. В дополнение к традиционным методам дипломатии стали появляться новые формы, включая медийную (DigitalDiplomacy) и публичную (PublicDiplomacy).

Казахстан на международной арене позиционирует себя стабильное, динамично развивающееся государство центрально-азиатского региона, выбравшее безъядерный статус. Внешнеполитический курс Казахстана ориентирован на многовекторную политику. Многосторонняя политика была призвана обозначать независимую и свободную в своем выборе внешнюю среду молодого государства. За многовекторностью кроется балансирование между различными геополитическими центрами